



**ОҢАЛТУ ІСІН
ЕРТЕ БАСТАУ
БАЛАНЫҢ
ҮЙЛЕСІМДІ
ДАМУЫНА
ЫҚПАЛ ЕТЕДІ**

5-бет



**КИЛЛЕРДІҢ
ҚАТЕЛІГІ**

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№49 (3580) 4 шілде 2023

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕЙІРГЕР – ЖАНЫ ҚЫСЫЛҒАНҒА ЖӘРДЕМШІ



Қай кезеңде де, қай мезгілде де қоғам үшін қадірлі мамандықтар бар. Олардың өзектілігі күн өткен сайын артып, қажеттілігі сәт сайын сезіледі. Медицина қызметі осындай сұраныстағы санаулы мамандықтардың алдыңғы сапында. Дәрігер жаны қысылғанға – жәрдемші, ажалмен алысқанға – арашасы. Сөйте тұра олардың тынымсыз еңбегі мен адал қызметі аз насихатталады, тіпті кейбірі айтылмайды да.

(Соңы 3-бетте)

САРАП

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ БОЛҒАН ЖЕРДЕ САПА АРТАДЫ

Қазақстандағы сот билігінің ашықтық қағидаты сот жүйесінің жұмыс істеуіндегі ашықтығына, көрнекілік және есептілік тұжырымдамасына жатады. Бұл заңның үстемдігін қамтамасыз етудің және сот жүйесіне деген қоғамдық сенімді нығайтудың маңызды аспектісі. Еліміздегі сот билігінің ашықтығы қағидаты Конституцияда және түрлі құқықтық актілерде бекітілген.

Конституция әділетті сот ісін жүргізу және істерді көпшілік алдында қарау құқығына кепілдік береді. Ол сондай-ақ, ашық сот жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын судьялардың тәуелсіздігі мен бейтараптығын көрсетеді. Ашықтықты арттыру үшін Қазақстан бірқатар шара қабылдады. Осындай шаралардың бірі – ашық сот тыңдауларын енгізу. Ашық сот тыңдаулары жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарына құпия ақпаратқа қатысты жағдайларды қоспағанда, сот отырыстарына қатысуға және оларды бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай ашықтық ерікті шешімдердің, сыбайлас жемқорлықтың және билікті асыра пайдаланудың алдын алуға көмектеседі және сот ісіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Қазақстан сот жүйесіне

қатысты ақпаратқа қол жеткізуді жақсартуға күш салды. Елде сот шешімдеріне, іс материалдарына және басқа да тиісті ақпаратқа қол жеткізу құқығына кепілдік беретін кешенді құқықтық база құрылды. Бұл көпшілікке сот ісін жақсы түсінуге мүмкіндік береді және есеп беруді қамтамасыз етеді. Қазақстан сондай-ақ, судьялардың кәсібилігі мен адалдығын арттыруға бағытталған реформаларды жүзеге асырды. Судьяларды іріктеу және тағайындау процесін жетілдіру, сондай-ақ, тұрақты оқыту мен біліктілікті арттыру үшін мүмкіндіктер беру бойынша шаралар қабылданды. Бұл қадамдар сот шешімдерінің сапасын жақсартып, қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттыруға бағытталған. Айта кететін жәйт, Қазақстан сот жүйесінің ашықтығын арттыру үшін технологиялық жетістіктерді енгізді. Сот

хаттамаларына қол жеткізуді жеңілдету және жұртшылыққа істердің барысын бақылауға мүмкіндік беру үшін электрондық іс жүргізу жүйелері мен онлайн-платформалар енгізілді.

Алайда, Қазақстан сот жүйесінде ашықтықты ілгерілетуде прогреске қол жеткізгенмен, жақсарту үшін әлі де проблемалар болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Елдегі әділ құқықтық ортаны қамтамасыз ету үшін сот жүйесінің ашықтығы мен есептілігін одан әрі арттыру бойынша күш-жігер жұмсау жалғасуда. Қазақстандағы сот билігінің транспаренттілік қағидаты құқықтық мемлекет пен заңдылықтың негізгі қағидаттарына сәйкес келеді. Ол соттар қызметінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуден, сондай-ақ, судьялар мен сот процесінің барлық қатысушылары үшін ашықтық қағидатын сақтаудың міндеттілігінен тұрады. Қазақстан заңнамасына сәйкес соттар сот процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге және барлық мүдделі тұлғаларға оған қатысу құқығын беруге міндетті. Сонымен қатар, сот отырыстары мен қабылданған шешімдер туралы ақпарат көпшілікке қолжетімді болуы керек.

Қазақстанда сот билігінің транспаренттілігін жақсарту үшін мынадай шаралар жүргізілді:

- судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;
- электрондық құжат айналымын енгізу;
- сот органдарының қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін мамандандырылған интернет-порталдар құру.

(Соңы 4-бетте)

**ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫҒЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып: «Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемиды» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртеккің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.

Ал, іске сәт!



ЛЕБІЗ

ТУҒАН КҮНІҢМЕН, АСТАНА!

Биыл Астана қаласы үшін ерекше жыл. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгерді. Яғни, Алатаудан Арқаның төсіне көш түзеген елдің ескі де жаңа қалаға бас қала атауын бергеніне биыл 25 жыл толыпты. Бұдан бөлек, «Астана күнінің» мемлекеттік мереке ретінде күнтізбеге енгізілгеніне де тура 15 жыл өткен екен. Мұндай жарлық 2008 жылы 6 шілдеде жарық көргенінен қалың жұрт хабардар.

Ширек ғасыр ішінде Астана айрықша келбетке, айтарлықтай танымалдыққа ие болды. Есілдің жағасындағы көрікті шаһар қазақтың ғана емес, Қазақстанды көрсем деп келетін шетелдік туристердің сүйікті мекеніне айналды. Елордамыздың республикалық және халықаралық айтулы іс-шаралар мен кездесулердің орталығы ретінде мойындалғаны да мәлім. Әр үш жыл сайын өтетін әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезі, 2011 жылы өткен қысқы Азида ойындары, Сирия мәселесіне арналған «Астана процесі» және «ЭКСПО» халықаралық көрмесі секілді айтулы шаралар сөзіміздің дәлелі.

Ақмоланы ел ордасы ретінде таңдауға байланысты кезінде 32 негізгі өлшем-пайым ұсынылған болатын. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, коммуникация, көліктік инфрақұрылым, құрылыс, еңбек ресурстары және басқа да негізгі салалар бойынша қарқынды дамуға жас мемлекеттің жаңа астанасында мол мүмкіндік болатыны, сонымен бірге, климат, ландшафт, сейсмологиялық жағдай, қоршаған орта өте қолайлы екені халыққа жеткізілген еді. Жиырма бес жылдың ішінде тәуелсіз Қазақстанның жаңа елордасы таңдаудың дұрыс, дәл жасалғанын растады. Әсіресе, қалаға шоғырланған халықты, өсіп, өркендеп жатқан қаланы, өркениетке ұмтылған жастарды көріп көз қуанады. Соның ішінде, ширек ғасыр ішінде Астана қазақы танымды, мемлекеттік тіл мен дәстүр-салтты дәріптеудің алтын бесігіне айналды.

Биыл он бесінші рет атап өтілгелі отырған Астана күні тек бас қала тұрғындары үшін ғана емес, республика халқы үшін маңызды мейрам. Осындай атаулы күнді атап өтудің мазмұны мен мәні өзгеріп келеді. Соның ішінде елорданың тарихын, жаңа қаланың бет-бейнесін жасауға атсалысқан мамандардың атын танытып, еңбегін дәріптеуге басымдық берілуде. Сондай-ақ, оташудан бас тартудың өзі билік пен халықтың ойы мен мақсаты бір екенін аңғартады. Ендеше, елдің ұсыныс-лебізі тыңдалып, елдік мұраттар бастау алатын бас қаламыздың туған күні құтты болсын!

Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ

СУДЬЯНЫҢ СҮЙЕНЕРІ - ЗАҢ МЕН АР

Қазақтың құқықтық алаңындағы билердің беделі жоғары. Тарихта таспаланған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Өз-Тәукенің Жеті Жарғысы» секілді халыққа бағдар болған басты заңнамалардың негізін қалаушы да, мінсіз жүзеге асыраушы да – билер.



Тілеп ТАЛАНТ, Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы

Өз дәуірінде заңгердің де, із кешуші мен прокурордың, адвокат пен медиатордың, елші мен соттың қызметін қатар атқарған билердің қаншалықты білімді, әмбебап, бірегей болғанын дәлелдеу артық. Ал бүгінгі судьялар – билер ісін жалғаушы. Бүгінгі судьялардың да атқаратын қызметі, мойнына алған міндеті билер ісінен бір мысқал да кем емес.

орын алатынын мойындауымыз керек. Сондықтан судьяларға енді әр сөзіне сақ қарап, ойының басқаша бұрмаланып кетпеуіне көңіл бөлу маңызды. Бұлай болмаған жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде заңның талаптарын емес, судьяның бітім-болмысын талқылау арқылы, сот саласына теріс пікір қалыптастыру орын алады. Біз өзіміз қызмет етіп отырған сот билігінің беделіне нұқсан келтірмеу, жұмысына көлеңке түсірмеу үшін заң шеңберінен шықпауға, ар межесінен аттамауға тиіспіз. Өйткені, соттың беделі – мемлекеттің беделі. Демек, соттың жұмысын ақсатып, атына кір келтіру – мемлекеттің беделін төмендетумен тең.

Конституцияда судьяның тәуелсіздігіне, мәртебесіне кепілдік берілген. Ата Заңның 77-бабының 1-бөлігінде: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады» десе, 2-бөлігінде: «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады» деп көрсетілген. Осы бапта: «Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейтіні» де заң шығарушылар естен шығармаған.

Қазақстандық соттың жұмысын жақсарту мақсатында қолға алынып жатқан іс-шаралар қомақты. Сот жүйесіндегі реформалар нәтижесінде салада үлкен бетбұрыстар орын алды. Мамандандырылған соттардың құрылуы, алқабилер институтының тәжірибеге енгізілуі, медиацияның қоғамда кең сұранысқа ие болуы, жаңа заңнамалардың қабылданып, сот жұмысын цифрландыруға қадамның жасалуы қазақстандық соттың қызметін жаңа биікке көтерді. Судьялыққа үміткерлерге қойылатын талаптың жыл сайын күшейтілуі сот корпусына білікті мамандарды шоғырландыруға жол ашты. Ал сот әкімшілігінде орын алған өзгерістер білімді, талапты сот қызметкерлеріне таңдау жасап, сот жұмысын тиімді,

Қарап отырсақ, бұрынғы билер мен бүгінгі судьялардың мақсат, міндеті мен қоғамдағы функциясы бір. Би бабалардан судьялардың айырмашылығы құқықтық, зайырлы мемлекетте төрелік етіп, барынша ашық, әлеуметтік желілер белсенді жұмыс істейтін қоғамда қызмет етіп отырғанымен байланысты болса керек. Өйткені, билердің айтқан кесімі, шығарған шешімі бұрын сөзсіз орындалатын. Бидің айтқан сөзі халыққа заң еді. Ал қазір сөзді түрлендіру, сөзден сүріндіру, сөзді бұрмалау жиі

ұқыпты ұйымдастыруға мүмкіндік туғызды.

Мұндай игіліктерден Қызылорда облысының соттары да шет қалып отырған жоқ. Биыл өңір соттарының халыққа қызмет етіп, әділ төрелік көрсетіп келе жатқанына 85 жыл толды. Елге адал қызметімен саланың жандануына үлес қосқан барлық сот ардагерлеріне айтар алғысымыз шексіз. Ардагерлер қағаз бен қалам жетіспейтін, тозған, ешбір жағдай жасалмаған ғимараттарда жұмыс істей жүріп, сот жұмысын атқарды. Сол кездермен салыстырғанда бүгінгі судьялардың қызмет етуіне толық мүмкіндік қарастырылған. Жаңа технологияның арқасында сот отырыстарына қашықтан қатысу, сотқа шақырту мен сот құжаттарын онлайн алу, сот процестерін таспаға жазу жолға қойылды. Отандық заң базасы да халықаралық талапқа жауап береді. Ендеше, бүгінгі судьяларға керегі – заң мен арды басшылыққа ала отырып, қос тараптың көңілінен шығатындай тура төрелік жасау ғана. Бұл міндетті жоғары деңгейде атқару судьяларға міндет.

РЕФОРМАЛАРДЫ САПАЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Әділ сот жүйесі – тәуелсіз еліміздің берік негізі. Сот жүйесін дамыту, нығайту әрі жаңғырту, халықтың сот төрелігіне деген сенімін қалыптастыру мақсатында мемлекетімізде жүйелі жұмыстар тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Оның ішінде, ылғи жақсы істердің бастамашысы болып, сот саласындағы мәселелердің оңтайлы шешімін тауып, реформаларды сәтті жүзеге асыруда төрт жыл сайын өткізілетін судьялар съезінің орны бөлек.

Атап айтсақ, алғашқы съезде судьялыққа үміткерлерді іріктеудің тәртібін қалыптастыру, судья әдебіне қатысты талапты қатайту мәселелері мінберге шығарылған еді. Одан бөлек, Судьялық әдеп кодексі қабылданды. Ал, екінші съезде соттарды материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз етуді Әділет министрлігінен Жоғарғы Сот жанындағы Соттық әкімшілендіру комитетінің құзырына беру, соттарды мамандандыру күн тәртібіне қойылды. III съезде алқабилер институты, қылмыстық жазаны ізгілендіру, өлім жазасын орындауға мораторий енгізу сияқты ірі-ірі бастама көтерілді. Бұл съезден кейін «Алқабилер туралы» заң қабылданып, алқабилер мәртебесі айқындалғанын қоғам жақсы біледі. IV съезде сот өндірісін оңтайландыру, судьяларды іріктеу талабын күшейту, санкция беру тетігін енгізу бастамалары шешімін тапты. Ал, 2009 жылы өткен V съезд тергеу әрекеттеріне соттар тарапынан бақылау жүргізуді кеңейту, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттарды құру, медиация институты, соттарды ақпараттық технологиялармен жабдықтауға жол ашты. Осы орайда, жыл сайын медиация институтының қанат жайып, дау-дамайлардың бітіммен шешіліп отырғанын ерекше атап өткен жөн. Мәселен, биыл елімізде татуласу арқылы 50 мыңға жуық дау шешімін тапқан. Сондай-ақ, татуласумен 1,5 мыңға жуық әкімшілік іс аяқталған. Жалпы, медиация институты негізінде біздің елде фронт-офистер мен медиация кабинеттері көптеп ашылып, татуласу орталықтары құрылып, Билер кеңесі өз жұмысын бастады. Осы съезге арқау болған соттағы электронды технологиялардың орны тым бөлек. Себебі, заманауи сервистерді қолданғысы енгізудің нәтижесінде қоғам үйден шықпай-ақ сот қызметіне оңай қол жеткізіп, сот отырысына қашықтан қатысуға мүмкіндік алды. VI съезде судьялар қауымдастығының сот төрелігін атқарудағы басты міндетінің бірі — кәсіби біліктілікті арттыру екені атап өтілді. Судьялардың VII съезінде Бангалор принциптеріне негізделген жаңа Судья әдебі кодексі қабылданды. Карантин салдарынан онлайн өткен судьялардың VIII съезіне 400-ге жуық делегат пен мейман қатысқан еді. Мемлекет басшысы аталған съезде сот-құқық жүйесін одан әрі дамыту идеяларын айқындап, судьялар корпусының таяу кезеңдегі басым міндеттерін көрсетіп берді. Осылайша сегіз рет өткізілген съездің сот жүйесін дамытудағы стратегиялық маңызы зор десек артық айтқандық емес.

Сонымен қатар, еліміздің сот жүйесіндегі тағы бір тың жаңашылдық бұл Әкімшілік әділет институтының тәжірибеге енуі еді. Аталған институттың бүгінде қолданғысы енгеніне екі жылдан енді асса да сот және әкімшілік практиканың біркелкілігі қалыптасып үлгерген. Сондай-ақ, еліміз бойынша өткен жылмен салыстырғанда тұрғын үй, салық және жер даулары бойынша келіп түскен әкімшілік істердің 21% өскені байқалады. Бұл өз кезегінде қоғамның сотқа деген сенімін білдірсе керек.

Қорыта айтсақ, сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру, қоғамның соттарға деген сенімін арттыру, азаматтардың құқығын қорғауды күшейту жұмыстарын белсенді жалғастыру, сот қызметін цифрландыру және роботтандыру бойынша салмақты жұмыс жалғаса бермек.

Айдарбек ТЛЕНОВ, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

РЕНІШ ҰЛҒАЙҒАН САЙЫН ӨКПЕГЕ ҰЛАСАДЫ



Ұрпағын адалдыққа тәрбиелеген қазақ келіспеушілікті кейінге қалдырмай, ортақ келісіммен шешуге тырысқан. Реніш ұлғайған сайын өкпеге ұласады, оның соңы ағайынның араласпауына, араздасуына алып келеді.

«Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген тағылымды сөздің төркіні де осыдан шыққан. Әйтпесе, атадан, туға-

ныңнан қастерлі не бар? Осы отбасы бірлігін, ауыл-аймақ татулығын сақтаудың, кешіру, кектенбеу, келісімге келудің қалыптасқан дағдысы қазақтың құқықтық негізінің қалануына, бітімгершіліктің орнығуына түрткі болған сыңайлы.

Медиацияны жандандыру бойынша түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. Соның ішінде құзырлы орындармен түрлі меморандумдарға қол қойылып, қаншама медиация бұрыштары, татуластыру бөлмелері, медиация орталықтары ашылды. Кез келген сот ғимаратына кіріп барсаңыз, көрнекі жерде ілініп тұрған «Медиация туралы» заңды, медиативтік келісімге келудің тәртібін кеңінен түсіндірген жазбаларды көзің шалады. Ал көз үйренген жаңалыққа көңіл сенеді. Медиацияның тиімді, пайдалы екенін сөзбен насихаттап қоймай, медиаторлардың айтуымен нақты мысалдар арқылы түсіндірудің де нәтижесі зор.

Өкінішке қарай, бүгінге дейін медиаторлар мен адвокаттар дауларды сотсыз шешуге тырыспайтын, көпшілігі бірігіп әрекет жасауға ынталы емес еді. Соның кесірінен азаматтар да көмектесетін, дауды шешудің тиімді жолын нұсқайтын мамандардың жоқтығынан келісімге келуге құлшынбайтын. Тіпті, тараптар өзара келісімге келгенде ортақ уәждің орындаларына сене бермейтін еді. Ал, «Татуластыру: сотқа дейін, сотта» жобасы осы мәселелерді біртіндеп жолға қойып, медиативтік келісімдер санының артуына қол жеткізіп келеді. Медиаторларды ынталандыру, медиация бөлмелері мен орталықтарын ашудың арқасында тараптар жаңа институттың пайдасын біліп, дауды мәмілемен бітіруге ынта танытуда.

Ш.АБИЛХАСОВА, Жаңаөзен қалалық сотының әкімшісі МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

САҚ БОЛЫҢЫЗ, АЛАЯҚ!

Еліміздің экономикасы дамып, әлеуметтік қарым-қатынастар жоғары деңгейге көтеріліп, жаңа инновациялық құрылымдар көбейген сайын алаяқтық қылмысын жасаудың тәсілдері де өзгеріп келеді. Алаяқтықтың пиғылы – жеңіл табысқа оңай кенелу, пайдакүнемдік.

Алаяқтар көбінесе әртістік дарыны бар, өтірікті шындай етіп жеткізетін айлакерлігі басым адамдар. Олар жақсы киініп, шешен сөйлеп, сенім тудыруға тырысады, кейде лауазымды тұлғалардың атын пайдаланады. Олар тез әрекет етіп, құрбанының ойлануына, басқадай ақпарат алуына мүмкіндік бермейді. «Тез шешім қабылда, әйтпесе үлгермейсің» деп асықтырғандықтан, зардап шегуші оның ұсынысын қабылдауға мәжбүр болады. Тіпті, оларды сендіру үшін нотариалдық кеңсеге жаздырып қолхат алады. Көбінесе жапа шеккен адамдар өзінің не істеп жүргенін түсінбей қалады. Алайда,

алданбаймын деп тұрған адамдар алаяқтың айтқанын қалай істеп, жетегінде қалай кеткенін білмей, сезбей де қалады. Алаяқтың көп тараған тәсілдері: мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй алып беру, үй салу үшін жер учаскесін алып беру, жалақысы жоғары жұмысқа орналастыру, банкпен несие алып беру, т.б. жайттар. Статистикаға сәйкес, алаяқтық жасайтындардың басым көпшілігі әйелдер.

Өткен жылы Атырау қаласы №2 сотының іс жүргізуіне Қылмыстық кодекстің 190-бабымен 129 тұлғаға қатысты 125 қылмыстық іс түсіп, 121 тұлғаға қатысты 117 қылмыстық іс аяқталған. 41 тұлға бас бостандығынан айырылып, 50-і бас бостандығынан шектеліп, 3 тұлғаға айыппұл салынған. Алаяқтар құрбанына айналмас үшін азаматтар сақ болып, әр ақпаратты жіті тексергені ләзім.

Жұмағали ТАШИМОВ, Атырау қаласы №2 сотының судьясы

Өңірімізде Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою мемлекеттік қызметін «ҚР Сот әкімшілігі Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-і көрсетеді.

Аталған мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 615-бабының 7) тармақшасына сәйкес әрбір апостиль қойылатын құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алынады. (АЕК:2 = 3450; 2 = 1725 теңге).

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін төмендегі құжаттар сұралады:

1) «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет

ережесінің 1-қосымшасына сәйкес өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) апостиль қоюға ұсынылатын сот органынан шығатын ресми құжат;

4) көрсетілетін қызметті алушының мүддесін үшінші тұлға білдірген жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат (салыстыру үшін);

5) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын

растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ, бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭУТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Әлихан Бөкейхан аудандық сотының баспасөз қызметі ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ НЫҒАЙТАДЫ

Соңғы жылдары еліміздің сот жүйесінде жаңа технологиялар барынша кең қолданылуда. Соған орай ақпараттық сервистерді пайдалану механизмі жетілдіріліп отыр. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолжетімділік пен жеделдікті, сонымен қатар, азаматтардың электронды сот өндірісіне алыстан қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Жоғарғы Сот электрондық кабинетін ұсынған болатын. Осы жүйе бүгінде қарқынды жұмыс істеуде.

«Сот кабинетінің» басты ерекшелігі азаматтардың уақытын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Олар сот төрелігіне жүгінетіндей болған жағдайда бұрынғыдай сот ғимаратына келіп жүрмейді. Үйінен немесе жұмысында отырып талап арыздарын сотқа жолдай алады. Ал, ғаламторға қосылмағандар халыққа қызмет көрсету орталығының қызметін пайдалануына болады. Ол үшін азамат алдымен электронды цифрлы қолтаңба алу қажет. Және олар «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыра отырып тіркеледі.

Электрондық сервиске ауысу, біріншіден, сот өндірісіне қатысушыларға сот органына жүгіну процедурасын жеңілдетуге мүмкіндік берсе, екіншіден, материалдық шығынды азайтуға ықпал етті, яғни азаматтар сот ғимаратына құжат тапсыру үшін келіп, жолақы шығындамайды. Сондықтан заманауи технологияларды сот жүйесінде қолдану ел тұрғындары үшін де сот жүйесінің барынша ашық әрі қолжетімді бола түсуіне ықпалын тигізеді анық.

Ж.ДҮЙСЕНОВА, Казталов аудандық сотының бас маманы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕЙІРГЕР – ЖАНЫ ҚЫСЫЛҒАНҒА ЖӘРДЕМШІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, психикалық ауру меңдеген, есірткі заттар, алкогольді сусындарға тәуелді науқастармен жұмыс істейтін мейіргерлердің қызметі қай жағынан алып қарасаңыз да құрмет пен қошаметке лайық. Психологиялық, эмоционалды мінез-құлқы тұрақсыз ерекше жандардың көңілін аулау тау қопарумен тең. Оларды шипасы дарып, науқас есін жиып, өзінің бастапқы қалпына оралғанша тәулік бойы күзетеді. Ашы су немесе есірткінің ұяна елітіп, кейде ол науқастар мейіргерлерге күш көрсетіп, түрлі ғайбат сөздер айтып та жатады. Науқастың мұндай күйіне өз туысқаны, ет-жақыны да шыдамайды. Біз бүгін айтулы қызметтегі бірнеше мейіргерлерге жолықтық.

Республикалық психикалық денсаулық орталығында еліміздің түкпір-түкпірінен ауруына ем іздеген жүйке дертіне ұшырағандар, алкоголь сусындарына және есірткі заттарына, құмар ойындарына тәуелділер емделеді. Мұнда еңбек ететін медицина қызметкерлері қандай тәртіпке бағыну керек? Бөтен адамға есіктен кіруге рұқсат бермейтін және биік қабырғалармен қоршалған нысанда маңдай терін төгіп, ұлт саулығы үшін қызмет етіп жүрген медицина қызметкерлерімен пікірлестік.

Тәуелділік, құмар ойындарынан тағдыры талқан болған жандарды есеңгіреткен ащы су, есірткі заттарының зардабы жайлы да сұрадық.

**Қамар САМАЛБЕКҚЫЗЫ,
бас мейірбике:**

«Қауіпсіздік үшін қалғып кетуге қақымыз жоқ»

– Психиатрия саласында 1998 жылдан бері еңбек етемін. Балалар бөлімі, ем-шара бөлімдерінде аға мейірбике болып істедім. Қазір Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығында 11 жылдан бері бас мейірбикемін. Біздің орталық 1896 жылы құрылған екен. Бұрынғы көпестердің үйі болған ғимарат әлі бар. Біздің наркологиялық бөліміс сол ғимаратта орналасқан. Балалар бөлімі жайғасқан бұрынғы нысандар сол күйі сақталған. Орталықта әйелдер, ерлер клиникалық бөлімшесі, тәуелді терапиясы, психосоматикалық, жасөспірімдер мен балалар қарқынды терапиясы сынды қосалқы бөлімшелеріміз бар. Клиникалық диагностикалық және электро-физикалық зертханалар, дәріхана жұмыс істейді. Орталықта 74 маман қызмет етеді. Олардың арасында 35 жылдан бері осы орталықта табан ауыстырмай тер

төгіп келе жатқан мейірбикелер бар. Ал жас мамандар тәжірибеден өтеді. Себебі, біздің орталықта емделушілермен жұмыс істеудің өзге медициналық ұйымдармен салыстырғанда тәртіп, ережесінде ерекшелік бар. Мейіргерлер психикалық кеселге шалдыққан науқастың кейде оғаш, кейде жат қылықтарын түсініп, оған көмек берудің бүге-шігесін білу керек. Әр науқаспен мұқият жұмыс істеу керек. Әр сөзіне назар аударуға міндетті. Өйткені, кейбір психикалық аурулардың суицидке баруы ықтимал. Күйзеліс, маниакалды депрессивті психоз дертімен ауыратын науқастар бар. Олар күндіз ән айтып, бәріне көмектесіп жүреді. Кенеттен ұрып жіберуі, күтпеген жерден оқыс әрекетке баруы мүмкін. Олардың ойлау қабілеті жылдам. Сондықтан мейірбике әрқашан өзінің қауіпсіздігі үшін қорғануға машықтану керек.

Ал күйзелісте жүргендердің керісінше, қимылы баяу, өмірге құлшынысы жоқ болуы мүмкін. Өзінің, науқастардың өмірінің қауіпсіздігі үшін 24 сағат бойы мейірбикелерге ұйықтауға болмайды. Әр науқастың мінез-құлқы, қимыл-әрекетін көзден таса қылуға рұқсат жоқ. Яғни, жұмыс кезінде ұйықтауға мейірбикелердің құқығы жоқ. Бізде барлық бөлімшелерде, дәліздерде бейнебақылау камералары орнатылған. Орталықтың өзге клиникалардан ерекшелігі мейірбикелер науқастың дәрісін, тамағын береді. Өйткені, біздің емделушілер дәріні өз бетінше ішпейді. Кейде жас мамандар жұмысқа шыдамайды. Келесі күні басқа клиниканы жағалап кетеді. Дегенмен, мейірбике мамандығын таңдаған адам ең алдымен мейірімді болуы керек. Психикалық кеселге шалдыққан жандардың жандүниесіндегі сырқатқа күн сәулесіндей шапағатын төгуі тиіс.

**Махрипам ЗАХИДАМ,
аға мейірбике:**

«Психикалық аурудан

ешкім сақтандырылмаған»

– Мен ерлер бөлімінде жұмыс істеймін. Біздің бөлімде 54 жастағы науқас емделіп жатыр. Күндіз көңілікүйі көтеріңкі. Бір қарағанда ешқандай оқыс мінезі жоқ, ауру-сырқаудан ада адамға ұқсайды. Мейіргердің міндеті – оның әңгімесін тыңдап, көңіл аудару. Егер ол өзін назардан тыс қалдым деп сезінетін болса, аяқ астынан айқайлап, ашуланып, жың соққандай өзгереді. Заңгер, журналист, атақты адамдар да бізде емделген. Кейбірі өздерін Құдайға теңейді. Көріпкелмін дейтін әулиелер де бар. Біз олардың әңгімесін ұйып тыңдаймыз. Біздің жұмыстың ерекшелігі жұмыс барысында шыдамдылық, сабырлық сақтау. Олар ақылға қонбайтын әңгімелерді айтады. Соған қарамастан күлмей, шын ниетпен тыңдау керек. Олар сенің мән бермей, жүрдім-бардым тыңдап, күлгеніңді сезіп қояды. Студенттер, сарбаздарды кейде жедел жәрдем көлігімен әкеледі. Олардың басым бөлігі уайым, ұйқысыздық, дегбірі қашқан, мазасыз күйде түседі. Ал әйелдер бөліміне болашақ бағдарламасымен шетелде оқыған қыздар емделуге келгенде таң қалмадық. Емтихан кезінде шетелдік студенттер де түседі. Олар үш күннен кейін дәрі-дәрмектің көмегімен есін жияды. Психикалық аурудан ешкім сақтандырылмаған. Бірнеше жыл осы орталықта жұмыс істеп, соған куә болдым. Мұндай науқастармен жұмыс істеген оңай емес.

**Шынар ҚҰЛЖАБЕКОВА,
аға мейірбике:**

«Әйелдердің тәуелділіктен арылуы екіталай»

– 23 жылдан бері орталықта еңбек етемін. Біздің бөлімде ерлер мен әйелдер емделеді. Олар алкоголь өнімдері мен есірткі заттарына тәуелділіктен айығу үшін шипа іздеп келеді. Біздің міндетіміз науқастардың әр қимылын тәулік бойы қатаң бақылау. Маскүнемдер де, нашақорлар да бастапқыда масаң күйде, әртүрлі жағдайда түседі. Өкінішке қарай басым бөлігі – жастар. 18-35 жастағы жігіттер синтетикалық есірткіге үйір. Арасында героинге тәуелділері де бар. Біз олардың әрбір қимылын, психикалық жағдайын кірпік қақпай бақылап, дәрігерге толық ақпарат береміз. Есірткі заттарына құмар жандармен жұмыс істеу өте қиын.

Олардың мінезі мың құбылады, талапшыл, бойын кернеген құмарлық қоздырып, естен тандыратын есірткіні іздеп, соған қол жеткізуді көздеп түрлі айла, амалдар жасайды. Олардың түнде сүйектері сырқырайды. Ал маскүнемдік пен есірткінің құлына айналған қыз-келіншектер ішімдік ішу, есірткіні тұтыну шектелгенде айқайлап, бойын ашу кернейді. Күйеуімен көңілі жараспағандар басына түскен қиындықтардан құтылу үшін ащы су, ақ ұнтақты тұтынып, соның тұтқынына айналған. Жиырма үш жылдан бері көзімнің жеткені әйелдердің тәуелділік тұзағынан құтылуы екіталай. Өйткені, олар бірнеше мәрте осы орталыққа емделуге келеді. Біздің орталықта еңбек етуге бел буған мейірбикелерге боянуға, әдемі әшекей заттарды тағып келуге және ашық түсті киім киюге, шашты жайып, тырнақты бояп жүруге болмайды.

**Фатима ТҰРДАҚЫНҚЫЗЫ,
аға мейірбике:**

«Жылы жүз, ашық қабақпен қарсы аламыз»

– Орталықта 25 жылдан бері жұмыс істеймін. Қаншама қиыншылықтарға қарамастан осы орталықта тапжылмай еңбек етуіме жұмысның қолдауы қатты көмектесті. Психиатриялық орталықта психологиялық демеу беретін көптеген тренинг, тағы басқа науқастармен қарым-қатынас орнатудың әдістерін меңгердік. Науқас бізге келгенде жылы жүз, ашық қабақпен қарсы аламыз. Ол қандай күйде болсын, жан-дүниесіндегі мазасыз, дегбірісіз күйден арылуға көмектесіп, тыныштандыруға тырысамыз. Тіпті, оған көнбейтін болса, дәрісін беріп, кейде дәрігерді шақырамыз. Кейде науқас ешкімге бой бермей, ашуға булыққан кезде де дерекілік танытуға болмайды. Себебі, науқас есін жиганнан кейін әр сөзіңді, қимылыңды есіңе салады.

Қазір Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығында 160-қа жуық науқас емделіп жатыр. Еліміздің білікті дәрігерлері, өз кәсібіне адал мейіргерлер тәлім жанның бойын билеген тәуелділік пен психологиялық кеселден айықтыру үшін күндіз-түні медициналық көмек көрсетіп жатыр.

**Жазира БЕГАЛЫ,
Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың баспасөз хатшысы**

БАЗЫНА

АЗАМАТТАРДЫҢ САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІ ТӨМЕНДЕДІ

Numbeo.com сайтының 2023 жылғы елдер бойынша өмір сапасының рейтингі жарияланды. Онда – сатып алу қабілетінің индексі; ластану индексі; үй бағасының табысқа қатынасы; өмір сүру құнының индексі; қауіпсіздік индексі; денсаулық сақтау индексі; жол қозғалысы уақытының индексі; климат индексі де ескерілді.

Осы арада айта кететін бір жайт өмір сапасы, сатып алу қабілеті, қауіпсіздік, денсаулық, климат индекстерінде көрсеткіштің жоғары болғаны, ал ластану, үй табысының қатынасы, өмір сүру құнында, жол қозғалысы уақытында керісінше неғұрлым төмен болғаны жақсы деп саналады. Сондықтан елдер бойынша өмір сапасының рейтингінде Нидерланды, Дания, Швейцария бастаған 84 мемлекеттің арасында Қазақстан – 74-орыннан табылды. Онда көршілес Әзірбайжан – 62, Қытай – 65, Ресей – 66, Иран – 80-орыннан көрінді. Ал Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстанға қатысты ақпарат мұнда мүлде жоқ.

Жеке адамдар мен бизнесті өмір сүру құны, өмір сапасы және бүкіл әлем бойынша қалалар мен елдердегі әртүрлі әлеуметтік-экономикалық факторлар туралы нақты және жаңартылған ақпаратпен қамтамасыз етуді алдына мақсат етіп қойған бұл сайттың материалдарын әлемнің барлық елінің жетекші БАҚ-тары пайдаланады. Мәселен, өмір сапасының индексі – қаладағы немесе елдегі жалпы өмір сапасын бағалау. Ол адамның өмір сүру сапасына әсер ететін әртүрлі факторларды, соның ішінде сатып алу қабілетін, ластану деңгейін, тұрғын үйдің қолжетімділігін, өмір

сүру құнын, қауіпсіздікті, денсаулық сақтау сапасын ескереді.

Өмір сапасының индексі Numbeo жинаған деректер мен пайдаланушы сауалнамаларына негізделгенін атап өткен жөн. Сауалнамалар веб-сайтқа келушілердің өмір сапасының әртүрлі аспектілеріне қатысты пікірлері мен тәжірибесін қамтиды. Мысалы, Қазақстан сатып алу қабілеті индексі жағынан – 28-орыннан көрініп отыр. Көршілес Иран – 4, Әзірбайжан – 17, Ресей – 32, Қытай – 48-сатыға жайғасқан. Ал климат индексінен – 82, меншік бағасының табысқа қатысы бойынша – 57, жол қозғалысының уақыт индексінен – 41, денсаулық сақтау индексінен – 29, қауіпсіздік және ластану индекстерінен – 17, өмір сүру құнының индексінен – 8-орынды алып отыр.

Былтыр елдер бойынша өмір сапасының индексінен – 76, ластану индексінен – 70, жол қозғалысының уақыты индексінен – 44, меншік бағасының табысқа қатысынан – 36, денсаулық сақтау индексінен – 31, сатып алу қабілеті индексінен – 23, қауіпсіздік индексінен – 17, өмір сүру құнының индексінен – 6, климат индексінен – 3-орынды алған едік.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

ТУРИЗМ

Мәдениет және спорт министрлігінің мәліметіне қарағанда, Қазақстандағы глэмпингтің орталығы қазір Алматы облысы болып тұр. Республикадағы 28 глэмпингтің 10-ы осында шоғырланған. Одан кейінгі орында Ақмола облысы (6) мен Алматы қаласы (5). Ал қалған алтауының екеуі Ақтөбе облысында, төртеуі Маңғыстау, Павлодар, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласында.

Қарапайым тілде табиғат аясына шығып, жайлы демалу деген мағынаны білдіретін глэмпинг терминінің пайда болғанына көп уақыт өткен жоқ. Ол қазіргі таңда экотуризмнің ең қарқынды дамып келе жатқан түрі саналады. Егер экотуризм деген сөздің өзі өткен ғасырдың 1980 жылдары ғана айналымға енгенін ескерсек, глэмпингтің болашағы жарқын деуге болады. Өйткені, оның тұтынушылары негізінен пікірлес, рухтас адамдар. Олар мұнда күнделікті күйбең тірлікті ұмытып, жаны мен тәнін тынықтырып, табиғаттан бойына күш-қуат алу үшін келеді.

Әлемдегі экотуризм индустриясы былтыр 172,4 млрд долларға бағаланды. Болжам бойынша, 2028 жылы бұл 374,2 млрд долларға дейін жетеді. Ал глэмпинг нарығының көлемі былтыр 2,73 млрд долларды құрады. Жылдық өсім 2030 жылға дейін 10,2 пайызды құрайды деп болжануда. Ондағы көшбасшы елдер – АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Канада, Кения, Оңтүстік Африка, Жаңа Зеландия. Глэмпинг демалушыларын жас ерекшелігі бойынша 4 топқа бөлуге болады. Оның тең жартысына

ГЛЭМПИНГТІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР



жуығын 18-32 жас аралығындағылар, одан сәл азырағын 33-50 жастағылар, ал қалған бөлігін 51 жастан жоғарылар құрайды.

Қазір еліміздегі глэмпингтің ең ірісі ашылғанына биыл екі жыл толатын Алматы облысы Талғар ауданындағы Бесқайнар ауылындағы Глэмпинг тауы болып отыр. Онда демалушылар үшін барлығы 10 тентхаус дайындалған. Әрқайсысында 2-4 адам демала алатын бұл нысандар қыста жылы, жазда салқын. Оған ыстық-суық сулары кіргізіліп, ішінде азық-түлік сақтайтын тоңазытқышы да қойылған. Үйдегі суға шайыну бөлмесіне қанағаттанбасаңыз, сыртта орналасқан 3 моншаға түсуге де мүмкіндік бар. Сондай-ақ, егер мейрамханаларда (2) емес, өзіңіз алып келген асты ғана тұтынам десеңіз оған да рұқсат етілген. Алматыдан 34 шақырым жердегі 7 гектарды алып жатқан Глэмпинг тауы қонақтарына балық аулап, атпен, жаяу серуендеуіне де жағдай жасалған.

– Экологиялық туризмді еліміздегі бүкіл туризм саласының қозғаушы күші деуге болады. Қазақстандағы экотуризмнің ең танымал түрлеріне:

тау туризмі; жаяу туризм; рафтинг; ұлттық парктер мен табиғи аумақтарға бару; тарихи орындар мен мәдени мұра нысандарына бару; глэмпинг кіреді. Өкінішке қарай, еліміздегі глэмпинг нарығы мен оның әлеуеті әлі толық зерттелмеген. Ұлттық статистика бюросынан да, оған қатысты ақпаратты табу мүмкін емес. Қазақстан экотуризмнің бұл түрі жағынан Орталық Азия елдерінен алда тұрғанымен, дамуы жағынан көршілес Ресейден біршама артта қалып қойды. Дегенмен, әлемдегі жер көлемі жағынан тоғызыншы орын алатын және географиялық орналасуы жағынан бірегей Қазақстанның глэмпинг бойынша әлеуеті өте зор, – дейді «Глэмпинг тауы» қонақүйінің теңқұрылтайшысы Рустам Даиров. Оның айтуынша, еліміздің 8 аймағында ғана емес, барлық жерінде экотуризмнің бұл түрін дамытуға мүмкіндік бар. Тек бұл үшін, бизнес пен мемлекеттің серіктестігі керек. Мәселен, қазір экотуризм ақпараттық ресурстық орталығы сайтында глэмпинг туралы мәлімет жоқ деуге болады. Онда ішкі туризммен айналысатын 17 компанияның ғана тізімі тұр. Яғни, экотуризмнің бұл түрі әлі игерілмеген тың сала болып отыр.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ – ӘДІЛДІК НЕГІЗІ



Дархан КЕНТБАЕВ,
Қызылорда қалалық сотының
төрағасы

Жариялылық – мемлекеттік және басқа да басқару институттардың іс-әрекеттерінің ашықтығы, ақпараттың кең таралуы, ұйымдар мен мекемелердің, лауазымды тұлғалардың азаматтарға қоғамдық пікірді анықтау және есептеу, қабылданған шешімдерді жариялауы.

Осының негізінде демократиялық қоғамда ашықтық пен жариялылықтың орны ерекше екенін аңғаруға болады. Сот төрелігін жүзеге асырудағы жариялылық қағидаты Конституция мен процестік заңнамаларда бекітілген. Ата Заңымызда сот билігі мемлекет атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды делінген. Осы негізде Мемлекет басшысы соттардың жұмысын одан әрі жақсартуды, соттағы іс жүргізудегі жариялылық пен мөлдірлікті қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Соттардың басты міндеті – сот төрелігін уақытылы әрі сапалы түрде жүзеге асыру. АПК-ның 19-бабында азаматтық істерді талқылау барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот актілері жария түрде хабарланады. Тек қана мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар шешімді жариялауды қоса алғанда, жеке өмірге қолсұғылмаушылықты, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды қамтамасыз ету қажет болса не ашық талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болса іске қатысатын адамның өтінішхаты бойынша немесе соттың бастамасы бойынша жабық сот отырысында азаматтық іс қаралуы және шешілуі мүмкін.

Жеке хат жазысу және өзге де жеке хабарлар өзара хат жазысқан және осы жеке хабарлар өздеріне қатысты адамдардың келісімінен ғана ашық сот отырысында жария етілуі мүмкін. Мұндай келісім бол-

маған жағдайда хат жазысу мен хабарлар жабық сот отырысында жария етіледі және зерттеледі.

Көрсетілген қағидалар жеке сипаттағы мәліметтер бар дыбыс-бейнежазбаларды, фотоға және киноға түсіру материалдары мен электрондық, цифрлық және өзге де материалдық жеткізгіштердегі басқа да материалдарды зерттеу кезінде де қолданылады.

Іске қатысатын адамдардың және басқа да адамдардың, оның ішінде ашық сот отырысына қатысып отырған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысының барысы бойынша жазбалар жасауға, оны залда отырған орындарынан дыбыстық жазу құралдарының және цифрлық жеткізгіштердің көмегімен жазып алуға құқығы бар. Сот талқылауы залында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио және телетрансляция жүргізуге, интернеттің ақпараттық-коммуникациялық желісінде бейнетрансляция жүргізуге соттың рұқсатымен және іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып жол беріледі. Бұл әрекеттер сот отырысының қалыпты өтуіне кедергі келтірмеуге тиіс және сот оларды уақыт жағынан шектеуі мүмкін.

БАҚ өкілдері мен басқа да тұлғалардың ашық сот отырыстарына қатысуына мүмкіндігі бар. Бұл барлық ниет білдірушілердің мәжіліс залына еркін кіруін қамтамасыз ете отырып, соттарда процестер ашық түрде жүзеге асырылады. Алайда «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР заңының 25-бабына сәйкес азаматтардың немесе ұйымдардың (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сотқа ықпал жасау Қазақстанның заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғатынын назарда ұстаған жөн.

Қазіргі уақытта сот органдарында «Электронды үкімет» бағдарламасы шеңберінде электрондық іс жүргізу толықтай іске қосылған, оны сот органдарының «Төрелік» автоматтандырылған жүйесі қамтамасыз етеді. Сот кабинеті сервисі арқылы келіп түскен әрбір талап-арыз, шағым, сұрау салу, өтінішхат және басқа құжаттар Төрелік жүйесімен интеграцияланған. Сонымен қатар Төрелік бағдарламасына электрондық мұрағаты, ішкі портал, кадрлық жүйе, соттардың интернет-ресурстары, Call-центр, сот құжаттарымен танысу жөніндегі барлық сервистер біріктіріле отырып, ашық түрде мәлімделеді. Яғни, талап қою өндіріске қабылданған уақыттан бастап іс аяқталғанға дейінгі сот актілері мен құжаттар осы бағдарламаға орналастырыла отырып, сот кабинеті сервисінде көрінеді. Кез келген сотқа жүгінуші өзінің жеке кабинеті арқылы сот ісінің қозғалысын оңай бақылай алады.

Құқықтық қатынас – құқық нормаларымен реттелген, құрамында өзара алмасып отыратын құқықтар және міндеттермен айшықталған құқық субъектілері арасында заңдық байланысы бар қоғамдық қатынастар. Азаматтық іс жүргізу қатынасы құқық қорғау қатынастарына жатады.

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚАТЫНАСТАРЫ

Жалпы, Қазақстанның азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасы азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер және басқа құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша істерді, сондай-ақ, ерекше жүргізілетін істерді қарау тәртібін белгілейді.

Азаматтық іс жүргізу – сот пен процестік қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастардың жүйесі және әрқайсысы азаматтық іс жүргізу құқығының белгілі бір нормаларының негізінде пайда болады. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының міндетті субъектілері: бір тараптан – сот, екінші тараптан – процестік қатысушылар болып есептеледі. Сонымен бірге азаматтық іс жүргізу құқықтық

қатынастарының пайда болуы, өзгертілуі, тоқтатылуы іске қатысушы тұлғаның ерік білдіруіне байланысты. Құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін осы қатынастарға қатысушылардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін айқындайтын құқық субъектілігі болуы керек.

Азаматтық іс жүргізудің құқық қабілеттілігі – бұл іс жүргізу құқықтары мен іс жүргізу міндеттеріне ие болу қабілеттілігі. Ол азаматтар мен заңды тұлғалардың бәрі үшін бір деңгейде танылады және азаматтардың туған сәтінен басталып, қайтыс болған сәтінде бітеді. Ал заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өткен сәтіннен басталып, таралған сәтінде тоқтатылады.

Азаматтық іс жүргізудің әрекет

САРАП

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта Қазақстан өзінің тиімділігі мен сенімділігін арттыру мақсатында сот жүйесін реформалау жолында тұр. Көптеген өзгерістер халықаралық стандарттар мен талаптарды ескере отырып, сот ісін жүргізудің неғұрлым ашық жүйесін құруға бағытталған. Мемлекет сот билігінің транспаренттілігін жақсарту саласында нақты міндеттер қояды, мысалы, істерді қарау мерзімдерін қысқарту, қабылданатын шешімдердің сапасын жақсарту және соттардың жұмысына қоғамдық бақылау деңгейін арттыру.

Қазақстандағы сот жүйесінің ашықтығы қағидаты бірнеше себептер бойынша үлкен маңызға ие. Заң үстемдігін қолдау: сот жүйесінің ашықтығы Қазақстанда заң үстемдігінің сақталуына кепілдік береді. Сот ашық болған кезде, бұл сот процесінде әділеттілікке, бейтараптыққа және есеп беруге ықпал етеді. Бұл өз кезегінде құқықтық жүйеге деген қоғамдық сенімді нығайтады. Сыбайлас жемқорлық пен билікті теріс пайдаланудың алдын алу: ашықтық сот жүйесінде сыбайлас жемқорлық пен билікті теріс пайдаланудың тежегіші ретінде әрекет етеді. Сот тыңдаулары мен шешім қабылдау процестері қоғамдық бақылауға ашық болған кезде, судьяларға немесе сот қызметкерлеріне этикалық емес тәжірибемен айналысу немесе біржақты шешімдер қабылдау қиынға соғады. Ашықтық адал құқықтық ортаны қамтамасыз ете отырып, сыбайлас жемқорлықтың кез келген жағдайларын анықтауға және жолын кесуге көмектеседі. Қоғамдық сенім және қатысу: ашық сот жүйесі қоғамның құқықтық жүйеге деген сенімін арттырады. Азаматтар сот процестерін бақылап, істер-

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ БОЛҒАН ЖЕРДЕ САПА АРТАДЫ



Қ.БЕРЖАНОВ,
Қызылорда облысының
кәмелетке толмағандар істері
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

ге қатысты ақпаратқа қол жеткізе алатын болса, бұл инклюзивтілік, әділеттілік және сенім сезімін дамытуға ықпал етеді. Ашық соттар, сонымен қатар, жеке тұлғаларға сот билігін жауапқа тартуға және сот төрелігін жүзеге асыруға үлес қосуға мүмкіндік беру арқылы қоғамның қатысуын ынталандырады. Ағарту және түсіну: сот жүйесіндегі ашықтық қоғамды құқықтық процестер мен сот жүйесінің қызметі туралы хабардар етуге көмектеседі. Сот шешімдеріне, іс материалдарына және басқа да тиісті ақпаратқа қол жеткізу арқылы бұл адамдарға өз құқықтарын, заңдарын және сот шешімдерін қабылдау кезінде ескерілетін факторларды түсінуге мүмкіндік береді. Бұл азаматтардың хабардарлығы мен белсенділігін артуына әкеледі.

Жалпы, Қазақстанда сот жүйесінің ашықтығы қағидатын сақтамай, сыбайлас жемқорлық,

қабілеттілігі – бұл өз әрекеттері арқылы құқықтарын жүзеге асыру және сотта міндеттерін орындау, істі жүргізуді өкіліне тапсыру, жауапкершілікті дербес алып жүру.

Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысатын немесе қатыса алатын адамдарды үшке бөліп қарастыруға болады. Судья, азаматтық іске қатысушылар және сот төрелігін іске асыруға жәрдемдесушілер.

Судья – сот төрелігін жүзеге асыратын тұлға және процестің ерекше қатысушысы болып табылады, себебі, арнайы құрылған мемлекеттік билік органы ретінде сот төрелігін жүзеге асырады.

Жоғарыда айтылғанның бәрі азаматтық іс жүргізу құқық қатынасының түсінігіне анықтама беруге болатынын білдіреді. Сонымен азаматтық іс жүргізу құқық қатынасы – бұл субъективтік құқықтармен, заңмен қорғалатын мүддені қорғау үшін сот пен өзге азаматтық процестің қатысушылары арасындағы азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар.

Нұргүл ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Қызылорда қалалық
сотының судьясы

есептіліктің болмауы, қоғамдық сенімнің бұзылуы және адам құқықтарының ықтимал бұзылу қаупі артуы мүмкін. Ашықтық заңның үстемдігін қолдайтын және жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын әділ, бейтарап және есеп беретін сот жүйесін қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Қазақстанның жергілікті соттарындағы сот билігінің ашықтығы жергілікті деңгейде есептілікті, әділдікті және қоғамдық сенімді қамтамасыз етудің маңызды аспектісі болып табылады. Ақпараттың қолжетімділігі жергілікті соттар тиісті ақпаратты көпшілікке қол жетімді етуге тырысады. Бұл іс материалдарына, сот шешімдеріне және басқа да тиісті құжаттарға қолжетімділікті қамтамасыз етуді қамтиды. Азаматтар сот ісін және сот шешімдеріне әсер ететін факторларды түсінуге мүмкіндік беретін осы ақпаратқа қолжеткізуге құқылы. Сот шешімдерінің жариялылығы жергілікті соттардың шешімдері көпшілікке қолжетімді болады, бұл жеке тұлғаларға сот шешімдерінің уәждемесімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл ашықтықты арттыруға ықпал етеді, өйткені ол көпшілікке сот процесінің әділдігі мен бейтараптығын бағалауға мүмкіндік береді. Сот этикасы және кәсібилік – Қазақстандағы жергілікті соттар сот этикасы мен кәсібиліктің маңыздылығын атап көрсетеді. Судьялар адалдық, бейтараптық және әділеттіліктің жоғары стандарттарын ұстанады деп күтілуде. Этикалық мінез-құлыққа деген мұндай міндеттеме жергілікті сот жүйесінің ашықтығы мен беделіне ықпал етеді.

ТОПЖАРҒАН

Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап үдесінен шығып жүрген қызметкерлердің бірі – Қызылорда облысы Байқоңыр қалалық сотының бас маманы Нұргүл Нұрбайқызы.

Ол алғашқы еңбек жолын 2014 жылы Ақмола облыстық Төтенше жағдайлар департаментінде кадр бөлімінің маманы болып бастаған. Нұргүл осы еңбек жолын талай сатыларда сабақтады. Жас ақындар мұшайрасына да қатысты. Телеарналарда көптеген хабарлардың редакторы да болды. «Қазақстан-Көкшетау» телеарнасында «Көкше ақпарат» жаңалықтар қызметінің редакторы, «Өзекті әңгіме» қоғамдық-саяси хабары мен «Прокурор сағаты» хабарының жүргізуші-редакторы, «Жаңа толқын» жастар хабарының редакторы қызметтерін де атқарды.

Ақпараттық саясатты жүзеге асыру жолындағы еңбегі үшін «Қазақстан» республикалық Телерадиокорпорациясы» АҚ Басқарма төрағасының, Ақмола облысы әкімінің, Ақмола облыстық мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі департаменттің, Ақмола облыстық мәслихатының, «Қазақстан» республикалық

СОТ МАМАНЫ – ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ



Телерадиокорпорациясы» АҚ Ақмола облыстық филиалы директорының сонымен қатар, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы

Ақмола өкілдігінің Алғыс хаттарымен марапатталған. 2020 жылы Байқоңыр қалалық сотының маманы қызметіне тағайындалып, мемлекеттік қызмет саласына ауысты. Қазіргі таңда Байқоңыр қалалық сотының бас маманы. Одан бөлек, Қызылорда облысының судьялары мен сот қызметкерлері арасында өткен ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің кеңінен насихаттау, соттың оң бейнесін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бейнероликтер конкурсының жеңімпазы атанды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аясында Қызылорда облысы бойынша сот қызметкерлері арасында өткізілген «Дара тұлға» шығармашылық байқауында бірінші орынды иеленді. Сондай-ақ, Қызылорда облысы соттары қызметкерлерінің арасында өткізілген «Тәрбие – ұлттың қазығы» атты шығармашылық байқауында да бірінші орынды жеңіп алды.

Жақында Н.Нұрбайқызы «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық кон-

курсның жеңімпазы атанды. Астана қаласында өткен салтанатты іс-шарада Қазақстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов пен ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Н.Нұрбайқызына «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» төсбелгісі мен Алғыс хатты табыстады.

«Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық конкурсының өңірлік кезеңінде Н.Нұрбайқызы эссе жазу арқылы кейстік тапсырманың тиімді шешімін ұсынып, өңірлік кезеңнің жеңімпазы атанып, республикалық кезеңге жолдама алды.

Республикалық кезеңде мемлекеттік қызметтегі өзекті мәселелерді шешу және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметшілерге арналған тұрғын үй жобасын іске асыру және мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру бойынша жоба әзірлеп, республикалық комиссия алдында қорғап шықты.

Осылайша, Н.Нұрбайқызы республикалық конкурстық комиссия шешімімен «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» деп танылды.

Ләззат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ИНКЛЮЗИВ ҚОҒАМ



ОҢАЛТУ ІСІН ЕРТЕ БАСТАУ БАЛАНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Алматыда церебралды сал ауруына шалдыққан балаларды емдейтін «АРДИ» орталығы бар. Орталықта реабилитациядан өтіп жатқан балалардың нәтижесі айтуға тұрарлық. Әр балаға ерекше күтім мен айрықша ем жасап жатқан оңалту орнының тыныс-тіршілігі қалай? Ерекше күтімді қажет ететін балаларды емдеудің тәсілдері мен ұстанымдары жайлы білген едік.

Балалар арасындағы мүгедектік мәселесі Қазақстандағы өзекті проблемалардың біріне айналып отыр. Статистикаға сүйенсек, елімізде 98,2 мыңнан астам мүгедек бала өмір сүреді. Оның 19 мыңнан астамына церебралды сал ауруы диагнозы қойылған. Бүгінде медицина бұл дертті толық емдеп жазуға қауқарсыз. Орталық жүйке жүйесіндегі ақау салдарын сапалы реабилитация мен баланың өз бетінше жүріп-тұру қабілетін дамыту арқылы реттеуге болады. Балаларды оңалту МӘМС пакетіне кіреді. Соның нәтижесінде 2020 жылдан бастап оңалту және денсаулықты қалпына келтіруге бағытталған ем-шаралар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы қаржыландырылады.

«Қазақстанда 18 жасқа дейінгі балалар медициналық көмекті тегін пайдаланады және мемлекет тарапынан сақтандырылады. Мысалы, биылғы жылдың 4 айында оңтүстік астанада балаларға 4,5 мыңнан астам реабилитациялық ем-шара жүргізілген. Оған қор тарапынан 915,7 млн теңгеге жуық қаржы төленді. Ал, 2023 жыл соңына дейін қор тағы да осындай 15 мың ем-шараға 3,2 млрд теңге төлемек» – деді МСҚ Алматы филиалы директоры Тілеухан Әбілдаев.

Қаржы көлемі артқан соң реабилитация профилі бойынша мамандандырылған қызмет көрсететін клиникалар мен орталықтар да көбейді. Солардың арасында «АРДИ» мүгедек балалар ата-аналары қауымдастығы» да бар. Орталық церебралды сал ауруына шалдыққан балаларды, сондай-ақ, жүйке жүйесі

зақымданған кішкентай пациенттерді оңалтудың 3-ші кезеңі бойынша қабылдайды.

Өткен жылы АРДИ орталығында 800-ден астам бала МӘМС арқылы медициналық оңалтудан өткен. Емделіп, аяққа тұрған балалардың ішінде 25-і жалпы білім беретін мектептер мен бала-бақшаларға барған.

«АРДИ» мүгедек балалар ата-аналары қауымдастығы 1991 жылы бір топ бастамашы ата-аналар тарапынан құрылған. Содан бері қауымдастық мүмкіндігі шектеулі перзент тәрбиелеп отырған 745 отбасына тұрақты қолдау көрсетіп келеді. 2004 жылы дербес оңалту орталығы болып құрылған қауымдастық 19 жылдан бері церебралды сал ауруымен ауыратын балаларды кешенді реабилитациядан өткізіп келеді.

«Біздің орталық мамандары ерекше балаларды физикалық реабилитациядан өткізіп қана қоймай, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дамытуды мақсат етеді. Мультидисциплинарлық команда құрамында невролог, педиатр, реабилитолог, психотерапевт, емдік денешынықтыру маманы, массажист, ортопед, психолог, эрготерапевт, дефектолог, логопед, әлеуметтік қызметкер сынды мамандар еңбек етеді. Осындай мамандардың жан-жақты көмегімен балаларға да, ата-аналарға да көмек көрсетуге тырысамыз», – дейді «АРДИ» балаларды оңалту орталығының бас дәрігері Айсулу Қожанова.

Орталықта эрготерапия бөлімшесі, Монтессори кабинеті, қараңғы және жарық сенсорлық бөлме бар.

Кинезиотерапия және механотерапия залдары баланың жүріп-тұру, қасық, қалам сынды ұсақ заттарды ұстау дағдысын қалыптастыруға арналған заманауи қондырғылармен жабдықталған.

Басты мақсатымыз – балаларға мейлінше ерте жаста көмек көрсету. Науқасқа шалдыққан бұлдіршінді бізге 1 жасқа тола салысымен алып келуге болады. Өйткені, қанша ерте бастаса, кешенді іс-шаралар арқылы баланың жасына сай, үйлесімді дамуына ықпал етуге болады, – дейді маман.

«Біздің мамандар орталыққа емделуге келген балаға басымдық береді. Ең алдымен, қимыл-қозғалыс аппараты тиісінше дамымаған балаға ден қоямыз. Мамандар командасы науқасты кешенді дамыту процесін бастайды. Міндетті түрде оның отбасымен жұмыс істейміз. Оқытамыз, үйде баланы дамытуға қажетті жағдай жасау жолдарын үйретеміз. Сонымен қатар, оның қоршаған ортасына көңіл бөлеміз, себебі бұл балаға, оның өмір сапа-

сына әсер етпей қоймайтын факторлардың бірі», – дейді орталық қызметкерлері.

АРДИ қауымдастығы базасында арнайы оқу-ресурстық орталығы жұмыс істейді. Онда шетелдік білікті мамандары ерекше балаларды оңалту тақырыбында семинарлар мен тренингтер өткізіп тұрады.

Естеріңізге сала кетсек, орталық әлеуметтік бағдар ұстанады және балаларды МӘМС пен қала әкімдігінің әлеуметтік қорғау бағдарламалары негізінде емдейді. Балалар реабилитациясы МӘМС пакетіне кіреді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгені бері елімізде медициналық оңалту саласы қарқынды дами бастады. Сақтандыру жүйесі реабилитацияға бөлінетін қаражатты жыл сайын арттыруға мүмкіндік берді. Салыстырар болсақ, Алматы қаласы бойынша 2021 жылы медициналық оңалту шараларына жалпы алғанда 6,3 млрд теңге жұмсалған болса, 2022 жылы қаржыландыру көлемі 7,3 млрд теңгеге жетті. Ал, биыл 9,2 млрд теңге қарастырылған.

Қаржы көлемінің артуы жаңа реабилитация орталықтарының, медицина мекемелерінде арнайы бөлім-

орталық айналысқан. Сол жылы балаларды оңалту шараларына 481,8 млн теңге жұмсалыпты. Ал, биылғы 4 айда оңтүстік астанада балаларға 4,5 мыңнан астам реабилитациялық ем-шара жүргізілген. Оған қор тарапынан 915,7 млн теңгеге жуық қаржы төленді. Ал, 2023 жыл соңына дейін қор тағы да осындай 15 мың ем-шараға 3,2 млрд теңге төлемек.

Қаржыландыру көлемі артқаннан кейін 18 жасқа дейінгі балаларға реабилитациялық көмек көрсететін ұйымдар да көбейіп, биыл олардың ұзын-саны 43-ке жетті.

Балаларды оңалту туралы сөз болғанда церебралды сал ауруына шалдыққан балалар жайлы айта кетуге болмайды. Жалпы, балалар арасындағы мүгедектік мәселесі Қазақстандағы өзекті проблемалардың біріне айналып отыр.

Алматыда церебралды сал ауруымен ауыратын балаларды оңалтумен 12 медицина ұйымы айналысады.

2023 жыл басынан бері 2700-ден астам оңалту шарасы жүргізіліп, оған қор тарапынан 652,2 млн теңге төленген.

Орталықта Еркежан есімді 36 аптасында дүниеге келген қыздың анасы бізге берген сұхбатында орталыққа өз алғысын жеткізе отырып, «Салмағы 1 кг 475 гр, бойы 39 см болып ерте туылу салдарынан физикалық дамудың кешеуілдеуінен 1 жас 1 ай болған кезден осы орталықта емделуді бастаған. Атап айтқанда процедуралар қатарына массаж, гидрованна, секілді әртүрлі процедуралар және курстар өту арқылы Еркежанның еңбектеп бастағанын айтты, ал оған дейін Еркежан тек отыруды ғана білген екен. Ал қалыпты жағдайда 1 жасар бала қалыпты жүру кезеңінде болатыны белгілі. Ал қазіргі таңда Еркежан ата-анасының демеуімен және орталықтағы кезекті курсының нәтижесінде алғашқы қадамдарын жасап жүр. Алдағы уақытта өз күшімен ешкімнің көмегіне жүріп кетуді жұмыс жасалып жатыр» – дейді Айгерім Серікқызы.

Ал Димаш есімді ұл баланың анасы Тәжиева Құралай өз сұхбатында баласы туылғаннан сап-сау болған. Тексерілмей жасалған екпе нәтижесінде балада жиі құлау сынды белгілер байқалған. Содан соң орталыққа МӘМС арқылы жүгінген. Қазіргі таңда жақсы нәтижесі жеткендігін алдыға тартты. Сондай-ақ, ол орталыққа өзге де ата-аналар балаларын қолдарына көтеріп алып келіп, жетектеп алып кететінін тілге тиек етті. Қазіргі таңда Димаш 6 жасқа толады, ал ең алғаш орталыққа келгенде жасы 3-те болған.

Орталық жайлы басқа ата-аналардан білген. Орталықта білікті мамандар екенін, баланың бір аяғы екінішінен сәл қысқарақ болып келіп, қазір оң нәтижесі жеткендіктерін айтты, орталық жайлы басқа адамдар да естісе, келіп ем алса нұр үстіне нұр болар еді деп өзінің жылы лебізін жеткізді. Сұхбат берген келесі әжеміз 12 жастағы немересімен оңалту орталығына келіп жүргеніне 2 жыл болғанын, орталыққа әлеуметтік-сақтандыру арқылы келгендігін жеткізді. Әртүрлі қалаларда ем алған немересінде ілгерілеу Арди орталығына келгені байқалған, арбадағы немересінің тұруға талпынысы бар екенін, қимыл-қозғалысы өзгеріп нәтиже байқалып жатқан соң осы орталықта емделу туралы шешімге келген. Және өз сөзінде «біздің ерекше балаларымызға ерекше қамқорлық жасап жатқан Арди белсенді оңалту орталығының қызметкерлеріне, басшыларына, өзге де емдеуші мамандарына алғысымды білдіремін» – деп сөзін қорытындылады.

Шолпан КӨПІРБАЙ

БАЛАЛАР ШҰҒЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ БЕРЕТІН ОРТАЛЫҒЫ

- №2 Балалар қалалық клиникалық ауруханасы
- «Алау» оңалту орталығы
- Балаларды ерте оңалту орталығы
- «Балдәурен» балаларды оңалту орталығы
- «Балбұлақ» балаларды оңалту орталығы
- Балалар физиопульмонология оңалту орталығы
- Қалалық балаларды оңалту орталығы
- «MaksatMed» ЖШС
- «АРДИ» мүгедек балалар ата-аналары қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі
- «Алатау» балалар клиникалық санаторийі
- «Жұлдызай» медициналық оңалту орталығы

ОҢ ҚАДАМ

Бұрынғы кеңестік дәуір шекпенінен шыққан елдердің арасында жаңа бастамаларды енгізуде тәуекелге барған қазақстандық соттың бүгінгі жетістігіне шетелдік соттар қызығушылықпен қарайды. Сала жұмысын жандандырудың негізгі көзі озық технологияларды кеңінен қолдану екенін Мемлекет басшысы судьялардың V съезінде айтқан болатын. Міне содан бері жүйе жұмысы жаңарып, ең бастысы соттар қағазбастылықтан арылды, электронды технологияға негізделген, заман талабына сай, оңтайлы, қолжетімді, ашық сот процестері базасы жасалды.

ЖҮЙЕЛІ АҚПАРАТ БЕРУДІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ТӘСІЛІ

Бүгінгі таңда, Қазақстанның барлық соттарына «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы, сот органдарымен байланысу CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңа ақпараттық технологиялар қызметі енгізіліп, сұранысқа сай қызмет етеді.

«Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі қызметі – сот органдарындағы

жүйелі ақпарат берудің кеңейтілген тәсілі десек қателеспейміз. «Сот кабинеті» арқылы сотқа талап арыз беру, сот отырысының хаттамасына ескерту келтіру, өтініш, арыз, шағым және электрондық түрдегі өтінімдерді әзірлеу және беру, мемлекеттік алымдарды онлайн түрінде төлеу, деректерді сақтау мен біріктірудің қауіпсіздігі секілді әрекеттерді жүзеге асыруға болады.

Осы жаңашылдықтар сот жүйесіне тереңдей еніп, қазіргі таңда сот отырыстары онлайн форматта өткізіліп, құжаттар электронды түрде қабылданып, сот істері электронды

форматта қаралуда. Бұл дегеніміз – артық құжаттан арылу, сотқа жүгінушілерді үйден шықпай-ақ сот отырыстарына қатыстыру дегенді білдіреді.

Қорыта айтқанда, ақпараттық технология игіліктерінің сот қызметіне кеңінен енгізілуі соттың азаматтар үшін қолжетімділігін арттырады.

Алина АЙБЕК,
Ақтөбе облысы көмектегі
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық соты

МЕЖЕ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ТӘУЕЛСІЗ ТӨРЕШІНІҢ ТАРАЗЫСЫ ТЕҢ ТАРТАДЫ

Судьялар әділеттілікті қамтамасыз етуде және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Тәуелсіз және бейтарап төреші ретінде олар конституциялық нормаларды қолдануға және сот төрелігіне қолжеткізуге жауапты. Судья азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының кепілі.



С. СЕДУАҚАС, Шарбақты аудандық сотының төрағасы

Судья конституциялық нормаларды қолдану мен түсіндірудің негізгі қайраткері. Олар Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтардың сақталуын қамтамасыз етеді және прецедент құруға негіз болатын шешімдер қабылдайды. Олардың шешімдері ұзақ мерзімді маңызға ие және конституциялық принциптердің сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық жүйені қалыптастырады.

Судья мамандығының негізгі сипаттамаларының бірі – тәуелсіздік. Олар заңдар мен іс фактілері негізінде шешім қабылдау үшін сыртқы әсерлер мен қысымдардан босатылуы керек. Судьялардың тәуелсіздігі оларға бейтарап төреші ретінде ролін орындауға және жеке топтарға немесе саяси күштерге емес, қоғамның мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

Қазылық қызметтегі әділет этикасы адалдық пен ашық ойды қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Әдеп кодексі әділеттілікті, тәуелсіздікті және ашық ой қағидаттарын сақтауды талап ететін судьялардың мінез-құлық стандарттарын анықтайды. Судьялар кәсіпқойлықты, процеске қатысушыларды құрметтеуді және рәсім ережелерін сақтауды үлгі ретінде көрсетуі керек.

Судьяның басты міндеттерінің бірі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Олар азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына байланысты істерді қарайды және әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған шешімдер қабылдайды. Судьялар өздерінің тәуелсіздігі мен құқық саласындағы сараптамасының арқасында азаматтардың құқықтары мен мүдделерін сот төрелігі арқылы қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Судьялар азаматтардың бостандықтарын қорғауда да маңызды рөл атқарады. Олар сөз бостандығын, жиналыстарды, дінді және басқа құқықтық бостандықтарды бұзуға қатысты істерді қарайды. Әділет принциптеріне негізделген тәуелсіз шешімдер қабылдау арқылы судьялар осы бостандықтарды қорғайды және қоғамда өзінің демократиялық мәнін сақтауға көмектеседі.

Судьяның азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі рөлі жалпы қоғамға қатты әсер етеді. Азаматтар өз құқықтарының қорғалғанын және судьялардың әділ шешім қабылдағанын көргенде құқықтық жүйе мен мемлекетке деген сенім нығаяды. Конституциялық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік берілген қоғам тұрақты, әділ және демократиялық сипатқа ие болады.

Сонымен қатар, судьялар прецеденттер жасайды және сол арқылы қоғамның құқықтық мәдениетіне әсер етеді. Олардың шешімдері болашақ істер үшін анықтамалық нүктеге айналады және заң практикасын қалыптастырады. Әділеттілік пен конституциялық нормаларды ұстанатын судьялар құқықтық жүйенің дамуына ықпал етеді және құқық қолдану практикасының тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етеді.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Сот жүйесі – адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі. Дегенмен, азаматтардың сот процесінің қатысушылары болып, сот шешімімен келіспейтін немесе шешімді әділ емес деп санайтын жағдайлар да жиі болып жатады. Мұндай сәттерде еліміздің сот жүйесінде өз құқығын жоғары сатыларда қорғауға мүмкіндіктер берілген.

АПЕЛЛЯЦИЯ ЖӘНЕ КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫДА ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бірінші саты – аудандық соттар, апелляциялық саты – облыстық соттар, кассациялық саты – Жоғарғы Сот. Еліміздің Конституциясына және ҚР сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы заңға, сондай-ақ, кейбір заңдарға тиісті өзгерістер енгізгеннен кейін сот жүйесі үш саты бойынша жұмыс істей бастады. Азаматтық істер бойынша бірінші саты сотының шешімімен келіспеген жағдайда, заңды күшіне енген сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге болады. Прокурор апелляциялық өтінішат келтіруі мүмкін.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар шығарған шешімдерге, апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын облыстық және оған теңестірілген соттың азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы кемінде алқаның үш судьясының алқасы құрамында қарайды. Апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты шешім шығарған сот арқылы беріледі. Мерзіміне келсек, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Мазмұнында бірінші сатыдағы сотта мәлімделмеген талаптар болмауға тиіс. Сот істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде бірінші сатыдағы сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді. Апелляциялық сатыда сот істе бар, ұсынылған дәлелдемелерге мәлімделген талап қою шегінде баға береді. Апелляциялық сатыдағы сот шешімді өзгеріссіз, ал шағымды, прокурордың өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдыруға, бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертуге, бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім шығаруға, шешімнің күшін толық немесе бір бөлігінде жоюға және іс бойынша іс жүргізуді

тоқтатуға не талап қоюды қараусыз қалдыруға, процесілік құқық нормаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда, шешімнің күшін жоюға және істі бірінші сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жіберуге құқылы.

Жергілікті соттардың заңды күшіне енген сот актілерін оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталған жағдайда, сот актілерін ҚР Жоғарғы Соты кассациялық тәртіппен қайта қарауы мүмкін.

Апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымдары, қаулылары заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оларға өтінішат, наразылық беріледі. Істі кассациялық тәртіппен қарау кезінде сот істегі материалдар бойынша өтінішхаттың, ұсынудың, наразылықтың дәлелдері шегінде соттар шығарған сот актілерінің заңдылығын тексереді. Кассациялық сатыдағы сот заңдылық мүддесінде өтінішхаттың, ұсынудың немесе наразылықтың шегінен шығуға және шағым жасалған, наразылық келтірілген сот актісінің заңдылығын толық көлемде тексеруге құқылы.

Өтінішхатты, ұсынуды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша кассациялық сатыдағы сот қаулы шығарады. Кассациялық сатыдағы сот апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымын, қаулысын – күшінде, өтінішхатты немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру, апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымының, қаулысының күшін жоюға және бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын, шешімін күшінде қалдыру, апелляциялық сатыдағы сот қаулысының күшін жою және істі апелляциялық сатыдағы сотқа судьялардың басқа құрамымен жаңадан қарауға жіберу туралы шешімдердің бірін қабылдайды. Кассациялық сатыдағы сот қаулысы ол жарияланған күнінен бастап заңды күшіне енеді. Қылмыстық істер бойынша үкімді орындау сатысында облыстық және оларға теңестірілген соттар бірінші

сатыдағы соттардың шығарған қаулыларына жекеше шағымдарды, прокурордың өтінішхаттарын апелляциялық тәртіппен қарайды. Ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы қылмыстық істерді апелляциялық тәртіппен қарау құрамында алқаның кемінде үш судьясы алқалы түрде жүзеге асырады. Қысқартылған тәртіптегі, қылмыстық теріс



Т. ЖҮСИПОВ, Байқоңыр қалалық сотының төрағасы

қылық бойынша, онша ауыр емес қылмыстар және сот үкімін орындау мәселелеріне қатысты істерді судьялар бұрынғысынша жеке қарайтын болады. Істі кассациялық тәртіппен қарау кезінде сот істегі материалдар бойынша өтінішхаттың, ұсынудың, наразылықтың дәлелдері шегінде соттар шығарған сот актілерінің заңдылығын тексереді. Одан басқа кассациялық сатыдағы сот заңдылық мүддесінде өтінішхаттың, ұсынудың немесе наразылықтың шегінен шығуға және шағым жасалған, наразылық келтірілген сот актісінің заңдылығын толық көлемде тексеруге құқылы.

Іс кассациялық сатыдағы сотқа берілген не ұсыну, наразылық келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Қорыта айтқанда, сот төрелігінің әділдігі – еліміздің кемел болмысының көрінісі. Ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытында сот жүйесі барыша объективті, ашық әрі жариялы түрде қызмет етіп келеді. Сондықтан, еліміздегі үш сатылы сот жүйесі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал етіп келеді деуге толық негіз бар.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛАСУ – БАБАЛАР ӨНЕГЕСІ

Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі.



«Медиация туралы» заңның қабылдануы оң өзгерістердің жүзеге асырылуының айқын көрінісі. Негізінен айтқанда, бұл қазақ халқының билері мен ата-бабалар тағылымын, әдет-ғұрпын қалпына келтіруге жасалған игі қадам деп есептесек қателеспейміз. Ұлт тарихында билер институты болған. Олар туындаған дауларды әділ шешіп отырған. Қазақтың Төле, Қазбек, Әйтеке билер ел арасындағы дауды бітімгершілік жолымен шешіп, халықтың ауызбіршілігі мен тұтастығын сақтауға үлкен назар аударды.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 120-бабында татуластыру рәсімдері

көзделген. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процесінің барлық сатысын да (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіткен кезде сот

талап қоюды толығымен немесе тиісті бір өтініші бөлігінде қайтару туралы ұйғарым шығарады. Татуласу келісімі келген кезде төленген мемлекеттік баж қайтарылады. Медиациялық келісімді орындамаған кезде, талап қоюшының негізінде атқару парағымен мәжбүрлеп орындауға жолдайды.

Осы тұрғыда сот тәжірибесінен мысал келтірер болсам, талап қоюшы А. жеке сот орындаушының әрекетіне дау айту туралы әкімшілік талаппен сотқа жүгінді. Алдын ала тыңдалымда талап қоюшы өзіне қатысты атқару өндірісімен таныспағандығы туралы айтты. Сот екі тараптың уәждерін тыңдай келе, істі бітімгершілік келісіммен аяқтауға шақырды. Талап қоюшымен жеке сот орындаушы бітімгершілік келісімге келді. Бітімгершілік келісім бекітілген күннен бастап жауапкер заң талаптарына сай атқару өндірісімен таныстыруға міндеттенеді және талап қоюшы жауапкер әрекетіне дау айту туралы әкімшілік талабын қайтарып алатын болды.

Сөйтіп екі тарап медиациялық келісімге келді, әкімшілік іс аяқталды.

А. ТӨЛЕУ, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының келіс бас маманы - сот отырысының хатшысы

БАҒДАР

ҚР Конституциясында көрсетілгендей биліктің бірден-бір бастауы – халық. Әрбір ҚР азаматының бұзылған құқықтарын сотпен даулауға құқығы бар.

БИЛІКТІҢ БІР БАСТАУЫ – ХАЛЫҚ

Сот дауды шешуде тәуелсіз және тек Конституция мен заңдарға бағынады. Яғни, халық пен сот билігі және Конституция, өзге де заңдар бір-бірімен тығыз байланысты. ҚР азаматтары үшін заң ортақ. Заңға бағыну әрбір қазақстандықтың парызы.

Ақтөбе облыстық сотында сот ұжымымен кездесу барысында сот-құқықтық реформаларының негізгі бағыттары үнемі талқыланып, жас мамандарға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, ҚР азаматтарының құқықтық сауаттылығын арттыруды мақсат етіп қою керектігіміз жөнінде жиі айтылады. Ақтөбе облысының сот жүйесінде ардагерлер және отставкадағы судьялар ұзақ жылдар еңбек еткен сот мамандары жетерлік. Қазіргі таңда облысымызда сот ұжымдарымен кездесулер жиі өткізіліп тұрады. Сот жүйесі ардагерлерінің өскелең ұрпаққа, сот саласына берері мол. Сот жүйесі ардагерлері еліміздің мерекелері Конституция күні, Тәуелсіздік күні, Судья және

сот қызметкерлері күнінде шақыртулар алып марапатталып жатады. Бұл олардың жылдар бойы атқарған еңбегінің бағаланғаны.

Жыл сайын сот саласына жұмысқа тұруға талап білдіретін жастар саны артып келеді. Қазіргі заман талабына сай жастарымыз заңнамаларда сот ұжымымен қатар компьютерлік біліктілігін арттыруға, тіл меңгеруге, рухани жаңғыруға ұмтылуымыз қажет. Сонда ғана болашағымыз жарқын болмақ.

ҚР судьяларының VII съезінде 2016 жылғы 21 қарашада қабылданған Судьялық әдеп кодексінің 1-бабында көрсетілгендей судья берген анттына берік болып, лауазымының жоғары мәртебесіне сай, әдеп нормаларының бәрін сақтауға тиіс.

Судьялардың мәртебесі заңмен қорғалады. Мәртебелі орынға тікелей ҚР Президентінің жарлығымен тағайындалады.

Судьялар ҚР Президентінің қағаз жүзінде қол қоюымен расталатын жұмыста көр-



А. ОРАЗАЕВА, Ақтөбе қалалық №2 сот әкімшісінің бас маманы

сеткен табандылығы, жылдар бойы бір салаға деген адал қызметі үшін төс белгісі тағылып құрметтеледі. Бұл үлкен мәртебе.

Былтырғы 2022 жыл сот жүйесінің қызметкерлері үшін айтулы жыл болды десек артық айтпаған болар едік. Себебі, сот саласына 30 жыл толуына орай, 24 маусым ресми түрде Судья және сот қызметкерлері күні ретінде алғаш рет бекітіліп, алғаш рет атап өтілді. Бұл Қазақстан сот жүйесінің алдыға ілгерілеуіне, Сот саласы қызметкерлерінің табанды қызмет атқарып еліміздің өркендеуіне, жастардың сот саласына деген қызығушылығын арттырып, алдыға ұмтылуына ықпал ететіні сөзсіз.

